



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В  
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ  
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT  
OF A NEW REALITY”**

**НҰР-СҰЛТАН 2021**

**УДК 657.6**  
**ББК 65.053**  
**С23**

**С23** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

**ISBN 978-601-337-598-4**

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

**ISBN 978-601-337-598-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2021

3. Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988

### **СЕКЦИЯ 3. РОЛЬ ВЫСШИХ ОРГАНОВ АУДИТА (ВОА) В АУДИТЕ ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЙ И ВЫЗОВЫ COVID-19**

#### **ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ҚАРАЖАТТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*Боранбаева Мәдина Берікқызы*

Мемлекеттік аудит мамандығының 3-курс студенті

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,  
Қазақстан Республикасы

E-mail: [boranbayevamadina@mail.ru](mailto:boranbayevamadina@mail.ru)

**Аннотация.** Бұл мақалада елдегі төтенше жағдай кезеңінде экономиканы, шағын және орта бизнесті, мемлекеттің бүкіл халықты қолдауға бағытталған бірқатар нақты тапсырмалар және де дағдарысқа қарсы бағытталған қаражатты тиімді пайдаланылғандығы жайлы мәліметтер көрсетілген. Төтенше жағдай кезінде азаматтарды және экономиканы қолдауға қосымша бағыт бойынша шығыстар көзделген.

Сонымен қатар, Есеп комитетінің басшысы Наталья Годунова жыл сонын қорытындылай келе алдын ала қорытынды бойынша, бірқатар қаржылық бұзушылықтар, қаражатты тиімсіз жоспарлау және де пайдалану фактілері анықталғандығы жайлы мәлімет көрсетілген. Экономиканы және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған қаражат аудитінің қорытынды нәтижелері баяндалған болатын. Сонымен қатар, Наталья Годунованың Президентке дағдарысқа қарсы қаражатты жұмсау мониторингінің барысы және квазимемлекеттік сектор компанияларының активтерін басқару тиімділігі аудитінің алдын ала қорытындылары туралы баяндамасы көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** тиімділік аудиті, мемлекеттік аудит, қаржылық бақылау, экономика, дағдарыс, төтенше жағдай кезеңі, халықты қолдау, дағдарысқа қарсы шаралар, экономикалық даму, қаражат.

**Аннотация.** В данной статье представлен ряд конкретных задач, направленных на поддержку экономики, малого и среднего бизнеса, всего населения страны в период чрезвычайного положения в стране, а также данные об эффективном использовании средств антикризисной направленности. Предусмотрены расходы по дополнительному направлению на поддержку граждан и экономики в период чрезвычайного положения.

Вместе с тем, руководитель Счетного комитета Наталья Годунова, подводя итоги года, отметила, что по предварительным итогам выявлен ряд финансовых нарушений, фактов неэффективного планирования и использования средств. Были изложены итоговые результаты аудита средств, направленных на поддержку экономики и социально уязвимых слоев населения. Кроме того, представлен доклад Натальи Годуновой президенту о ходе мониторинга расходования антикризисных средств и предварительных итогах аудита эффективности управления активами компаний квазигосударственного сектора.

**Ключевые слова:** аудит эффективности, государственный аудит, финансовый контроль, экономика, кризис, период чрезвычайного положения, поддержка населения, антикризисные меры, экономическое развитие, средства.

**Abstract.** This article presents a number of specific tasks aimed at supporting the economy, small and medium-sized businesses, and the entire population of the country during the state of emergency in the country, as well as data on the effective use of anti-crisis funds. There are additional expenses for supporting citizens and the economy during the state of emergency.

At the same time, the head of the Accounts Committee Natalia Godunova, summing up the results of the year, noted that according to the preliminary results, a number of financial violations, facts of inefficient planning and use of funds were revealed. The final results of the audit of funds aimed at supporting the economy and socially vulnerable segments of the population were presented. In addition, Natalia Godunova presented a report to the President on the progress of monitoring the spending of anti-crisis funds and the preliminary results of the audit of the effectiveness of asset management of quasi-public sector companies.

**Keywords:** performance audit, state audit, financial control, economy, crisis, state of emergency, public support, anti-crisis measures, economic development, funds.

Еліміздегі төтенше жағдай кезеңінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осындай күрделі қалыптасқан жағдайда экономиканы, шағын және орта бизнесті, мемлекеттің, және де бүкіл халықты қолдауға бағытталған бірқатар нақты тапсырмаларды халыққа бірнеше рет айтқан болатын.

Қазіргі таңда елімізде әлеуметтік және қаржылық реттеудің қолайлы жүйесін құруға күш салу өте маңызды істердің бірі болып отыр. Төтенше жағдай кезінде азаматтарды және де экономиканы қолдауға қосымша үш бағыт бойынша шығыстар көзделген болатын.

Біріншіден, "Жұмыспен қамтудың Жол картасын" іске асыру аясында инфрақұрылымдық жобалар іске асырылып, 254,3 мың жұмыс орны құрылу жоспарланып отыр.

Екіншіден, әлеуметтік төлемдерді индексстеу және шетел валютасы бағамының өзгеруіне байланысты шығыстарды жабу. Бұл мақсаттарға 315,4 млрд теңге бағытталған болатын.

Үшіншіден, еліміздегі азаматтар мен экономиканы қолдауға, оның ішінде Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыруға 293,4 млрд теңге бағыттау ұсынылған болатын.

Осы қаражат шеңберінде бір мезгілде өмір сүру сапасын жақсартып отырып, кірістер мен сұранысты ұлғайтып, өндірісті ынталандыруға бағытталған бірқатар шаралар мен жобаларды іске асыру жоспарлануда. Сонымен қатар, бюджет кірістері бойынша шығындарды жабу және жоғарыда көрсетілген шараларды іске асыру үшін республикалық бюджеттің шығыстары 532,8 млрд теңгеге оңтайландырылды. Алайда бюджет тапшылығы 840,7 млрд теңгеге ұлғайды.

Нәтижесінде, республикалық бюджеттің параметрлері төмендегідей болып қалыптасты:

- түсімдер – 11,8 трлн теңге;
- шығыстар – 14,3 трлн теңге;
- тапшылық – 2,4 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге 3,5%.

Шешім қабылданғаннан кейін қаржы-қаражатты сапалы және уақтылы игеру мақсатында бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік сатып алу рәсімдерін және басқа да тиісті іс-шараларды уақтылы жүргізілуі қажет екендігін түсінді. Коронавирустық инфекцияның таралуы бойынша ағымдағы жағдайды ескере отырып, Мемлекет басшысы карантиндік іс-шараларды жүргізуге тартылған медицина және басқа да қызметкерлерге қосымша ақы төлеуді жүзеге асыруды тапсырған болатын.

#### **Дағдарысқа қарсы шараларды қаржыландыру**

Жергілікті деңгейде салықтық преференциялар мен қолдауды есептемегенде, еліміздегі дағдарысқа қарсы шаралардың жалпы пакеті қосымша 5,9 трлн теңгені құрады, оның ішінде:

- 2,5 трлн теңге – бюджеттен тыс қаражат есебінен;
- 3,5 трлн теңге — республикалық бюджет есебінен үш бағыт бойынша қаржыландыруды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Бірінші бағытта экономикалық тұрақтылық пен төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге 1,2 трлн теңге қарастырылған болатын. Халықты жұмыспен қамтуды қолдау үшін "Жұмыспен қамтудың жол картасы" бағдарламасы қабылданды, оның шеңберінде вирустан кейінгі кезеңде 254,3 мың адам құрылатын жұмыс орны ашылды. Оны іске асыруға бұрын-соңды болмаған сомалар бөлінді (1 трлн теңгеге дейін). "Бизнестің Жол картасын" іске асыруға қосымша 84,5 млрд теңге бөлу жоспарлануда. Бұдан басқа, кәсіпкерлердің кредиттері бойынша субсидиялау және кепілдік беру арқылы кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі шараларды күшейту көзделіп отыр. Бұл шамамен 16 мың

жұмыс орындарын құруға және 250 млрд теңгеден астам салық түсіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, азаматтардың жекелеген санаттары үшін құны 5 567 теңге болатын азық-түлік-тұрмыстық жиынтықтарды ұсынуға 30,8 млрд теңге көзделді. Бұнымен шамамен 2 млн-нан астам адам қамтылады. Нақтылау шеңберінде "еңбек"бағдарламасын іске асыруға 50 млрд теңге сомасында қосымша шығыстар көзделген. Нәтижесінде халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауды қоса алғанда, жаппай кәсіпкерлікті дамыту, еңбек делдалдығы мен дағдыларының тиімді моделін құру жалғасатын болады.

Екінші бағытта макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты іс-шараларға 315,4 млрд теңге бағытталды.

Үшінші бағытта азаматтар мен экономиканы қолдауға, соның ішінде Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыруға 293,4 млрд теңге бағытталды. Осы қаражат шеңберінде бір мезгілде өмір сүру сапасын жақсартып, кірістер мен сұранысты ұлғайта отырып, өндірісті ынталандыруға бағытталған бірқатар шаралар мен жобаларды іске асыру жоспарлануда. Бұл шаралар:

- республикалық бюджет шығыстарын 532,8 млрд теңгеге қысқарту;
- бюджет тапшылығын ЖІӨ - ге 3,5% - ға дейін жеткізу-840,7 млрд теңге;

Бұл ретте республикалық бюджет кірістері бойынша шығындар 1,7 трлн теңгеге бағаланады. Коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін сатып алуға 39,1 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде коронавирустық инфекциямен күрес бойынша жүргізілетін эпидемияға қарсы шараларға жалпы сомасы 23 468,5 млн теңге бөлінген болатын, оның ішінде:

- жеке қорғаныс құралдарын, дезинфекциялық құралдарды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуға – 20 624,9 млн теңге;
- коронавирусты анықтауға арналған тепловизорларды, зертханалық жабдықтар мен тест-жүйелерді сатып алуға – 2 712,5 млн теңге;
- Қазақстан азаматтарын Қытайдан эвакуациялауға – 131,1 млн теңге.

Аталған қаражат шеңберінде өңірлерге жеке қорғаныс құралдарын, дезинфекциялық құралдарды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуға мақсатты трансферттермен 11 563,9 млн теңге аударылды, олардың 30%-ға жуығы Нұр – сұлтан қаласына – 1 412,4 млн теңге, Алматы қаласына – 1 419,9 млн теңге, Шымкент қаласына-605 млн теңге бағытталды.

Бұдан басқа, ел басшысының тапсырмасы бойынша 2020 жылға арналған бюджетті нақтылау шеңберінде эпидемияға қарсы шараларға қосымша 125 283,5 млн теңге көзделген болатын, оның ішінде:

1) карантиндік іс – шараларды жүргізуге тартылған Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлерін ынталандыруға-40 609,8 млн теңге.

2) 19 509,6 млн теңге – коронавирустық инфекциясы бар адамдарды және күдікті ауруханаға жатқызылған адамдарды емдеу үшін, сондай-ақ covid-19 жаңа коронавирустық инфекциясы бар науқастармен байланысқа күдікті

адамдарды оқшаулау мақсатында медициналық ұйымдарға медициналық қызметтер үшін ақы төлеуге;

3) 14 800 млн теңге – Нұр-сұлтан, Шымкент және Алматы қалаларында жалпы саны 680 төсекке карантиндік үлгідегі 3 медициналық модульдік кешен салуға;

4) 30 815,7 млн теңге – төтенше жағдай кезеңінде халықтың жекелеген санаттарының азық-түлік-тұрмыстық жиынтықтарын ұсынуға (АӘК алушылар, оның ішінде 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар, 1-3 топтағы мүгедектер, мүгедек балалар, мүгедек баланы бағып-күтумен айналысатын адамдар, ресми тіркелген жұмыссыздар). Азық-түлік-тұрмыстық жиынтықпен шамамен 2 млн адам қамтамасыз етіледі;

5) 8 091,8 млн теңге - Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен медицина қызметкерлеріне, Ұлттық ұлан мен Қарулы Күштердің әскери қызметшілеріне 1 лауазымдық жалақы мөлшерінде сыйлықақылар төлеуге (шамамен 66,3 мың адам қамтылатын болады);

6) 4 058,4 млн теңге – байланыс қызметтерімен және ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

7) 5 623,1 млн теңге – сот медициналық сараптамасы қызметінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге;

Сондай-ақ, ағымдағы жылғы 10 сәуірдегі жағдай бойынша экономиканың басым банктер жалпы сомасы 422,2 млрд теңгеге 619 өтінім қабылдады, 292,2 млрд теңге сомасына 470 жоба мақұлданды, 153 млрд теңге сомасына 352 қарыз берілген болатын.

Ұлттық Банк осы бағдарламаны қаржыландыруды 400 млрд теңгеден 1 трлн теңгеге дейін кеңейту туралы шешім қабылдады, олар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталатын болады. Төтенше жағдайды енгізуден зардап шеккен ШОБ субъектілері мен жеке кәсіпкерлерді қолдау үшін жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы әзірленіп, іске асырыла бастады. Осы бағдарлама шеңберінде банктерге 12 айға дейінгі мерзімге жалпы сомасы 600 млрд теңгеге шартты салымдар бөлінді. 3 айда жүзеге асырылуы тиіс қаражатты игеру басталды. 647 кәсіпкер өтінім берді, 17,3 млрд теңге сомасына 45 қарыз берілді. "7-20-25" бағдарламасы бойынша ағымдағы жылдың 9 сәуіріне 199 млрд теңгеге 17 328 өтінім мақұлданды, оның ішінде 173,2 млрд теңге сомасына 14 616 қарыз берілді.

Дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде Ұлттық Банк айыппұлдар мен өсімпұлдардан босату, сондай ақ, негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді 90 күнге дейінгі мерзімге кейінге қалдыру жолымен бағдарлама қарыз алушыларын қолдауды көздейтін өзгерістер енгізді.

Екінші шаралар пакеті шеңберінде Ұлттық Банк бірнеше бағыт бойынша жұмыс жүргізуде. Мемлекет басшысының а.ж. 31 наурыздағы тапсырмасына сәйкес "қарапайым заттар экономикасы" бағдарламасы аясында көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге 1 жыл мерзімге 100 млрд теңге бөлінді. Бағдарламаға қатысушылардың облигацияларын өтеу мерзімі 7 жылдан 10 жылға дейін

ұлғайтылады. Дағдарысқа қарсы шаралардың екінші пакеті шеңберінде Ұлттық Банк "Бәйтерек "ҰБХ"АҚ инфрақұрылымдық облигацияларын сатып алу арқылы 700 млрд теңгеге дейін кеңейту мүмкіндігімен 600 млрд теңге сомасында іскерлік белсенділік пен жұмыспен қамтуды қолдау жөніндегі шараларды қаржыландыру мәселесін пысықтауда.

Бұл қаражат жергілікті атқарушы органдарды одан әрі қаржыландыру үшін бағытталады болады және республикалық бюджеттен "Жұмыспен қамтудың Жол картасын" іске асыру үшін жергілікті бюджеттерге 300 млрд теңге бөлінгеннен кейін беріледі.

### **Ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму**

Мәселен, 2020 жылдың I тоқсанында мемлекеттік бюджеттің кірістері есепті кезеңнің жоспарына 89,9% — ға, Республикалық бюджеттің кірістері — 78,8% - ға, жергілікті бюджеттердің кірістері-121,4% - ға орындалған болатын.

Сыртқы факторлардың экономикаға теріс әсер етуі себебінен республикалық бюджет кірістері 10,5% - ға (89,5%) төмендеді. Республикалық бюджетке кірістер 1,4 трлн теңге сомасында түсті. Жоспар 378 млрд теңгеге орындалмаған. Орындамау негізінен салықтар есебінен қалыптасты.

Біріншіден, коронавирустық індеттің таралуы ҚҚС түсуіне, импортқа теріс әсер етті. Атап айтқанда, импорттың қысқаруына байланысты үшінші елдерден импорттың қысқаруы \$68 млн құрайды, 11,4 мың салық төлеушіден 49,1 млрд теңге сомасына салық түсімдерінің төмендеуі негізінен, көтерме және бөлшек сауда бойынша — 6,5 мың салық төлеуші, өңдеу өнеркәсібі бойынша — 1,3 мың, тау — кен өндіру өнеркәсібі бойынша-130 салық төлеуші.

Бұдан басқа, коронавирустың таралуы ҚХР-дан автокөлік құралдары санының 29,3% - ға, ЕАЭО елдерінен 17,8% - ға төмендеуіне алып келді.

Екіншіден, КТС бойынша орындалмауға бағаның негізгі экспорттық позицияларға төмендеуі әсер етті: шикі мұнай бойынша — 22,1%, мырыш бойынша — 20,8%, мыс бойынша — 9,4%, алюминий бойынша — 9,7%, қорғасын бойынша — 10,1%, феррохром бойынша — 11,6%. Бұл ретте, РБ-да КТС төлейтін ірі 1 796 Кәсіпорынды сату бойынша айналым 3,4% - ға (8,9 трлн. тг 8,6 трлн теңгеге дейін).

Үшіншіден, кәсіпкерлік белсенділіктің төмендеуіне байланысты ТДТ-ға ҚҚС бойынша жоспар 132 млрд теңгеге орындалмаған. 8 сәуірде қабылданған нақтыланған республикалық бюджетте кірістер бойынша жылдық жоспар 6,4 трлн теңгені құрады. Жергілікті бюджеттердің жеке кірістері 134 млрд теңгеге асыра орындалып, 759 млрд теңгені құрады. Асыра орындау негізінен салықтар есебінен қалыптасты-127 млрд теңге. Кірістер бойынша жоспарлар барлық өңірлерде асыра орындалды.

Республикалық бюджеттің шығыстары 2,9 трлн теңгені құрады. Жергілікті бюджеттердің шығыстары 1,2 трлн теңгені құрады. Есепті кезеңде аудиторлық іс-шаралар жалғасты. 512 аудиторлық іс-шара өткізілді. 249 млрд теңге бюджет қаражаты қамтылды. 91 млрд теңге сомасына қаржылық бұзушылықтар анықталды. Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған



кешенді жоспарының орындалуы 93,2% - ға орындалды. 2020 жылы 68 нысанды іске асыру жоспарлануда. Оның 37-сі сатылымға қойылды. Есепті кезеңде 3,2 млрд теңге сомасына 6 нысан сатылды. 31 нысан сауда-саттыққа шығарылды. 3 нысан қайта ұйымдастыруға және таратуға бағытталған 28 нысан жыл соңына дейін сатылымға шығарылады.

Қаржы министрлігінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі-бұл тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп, нақтыланған бюджетте әлеуметтік салаға, кәсіпкерлерді қолдауға көзделген қаржы қаражатын түпкілікті алушыларға уақтылы жеткізу. Жыл ішінде ведомство кірістер бойынша нақтыланған жоспардың олардың өсу қарқынын төмендетпей орындалуын қамтамасыз ететін болады.

Сонымен қатар, Есеп комитетінің басшысы Наталья Годуноважыл сонын қорытындылай келе алдын ала қорытынды бойынша, тексерумен шамамен 940 млрд теңге сомаға шығыстар қамтылғандығын және «қазірдің өзінде бірқатар қаржылық бұзушылықтар, қаражатты тиімсіз жоспарлау және пайдалану фактілері анықталды», - делінген болатын. Экономиканы және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған қаражат аудитінің қорытынды нәтижелері Мемлекет басшысына желтоқсан айында ұсынылатын болады. Бұған дейін хабарланғандай, Қазақстан коронавируспен күреске миллиард долларға жуық қаражат бөлді. Республикалық бюджеттен - 326 миллиард теңге немесе шамамен 757,5 миллион доллар. Көктемгі нақтылау және республикалық бюджетті түзету аясында тағы да 145 миллиард теңге немесе 337 миллион долларға жуық қаражат бөлінді.

Наталья Годунова Президентке дағдарысқа қарсы қаражатты жұмсау мониторингінің барысы және квазимемлекеттік сектор компанияларының активтерін басқару тиімділігі аудитінің алдын ала қорытындылары туралы баяндады. Оның айтуынша, елімізде экономиканы қолдауға және пандемиямен күресуге бағытталған ресурстар есеп комитеті мен тексеру комиссияларының жіті бақылауында болып отыр. Үкімет қабылдаған шаралардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау ағымдағы жылдың соңына дейін қалыптастырылатын болатындығын мәлімдеген болатын.

Есеп комитеті төрағасының айтуынша, экономика мен халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған қаражат аудитінің қорытынды нәтижелері Мемлекет басшысына 2020 жылдың желтоқсан айында ұсынылаған болатын.

Қорытындылай келе мына анықтамаға көз жүгіртсек:

Аудитпен 482,3 млрд. теңге қамтылды, оның ішінде:

- 282,3 млрд. теңге – республикалық бюджет қаражаты (нысаналы даму трансферттері - 90,8 млрд. теңге, ағымдағы нысаналы трансферттер - 191,5 млрд. теңге);
- 200 млрд. теңге - облигациялық қарыз қаражаты.

Дағдарысқа қарсы шараларға бөлінген қаражат бойынша аудиторлық іс-шаралардың нәтижесінде 87,5 млрд. теңгеге бұзушылықтар алдын ала анықталды, оның ішінде:

- 11,6 млрд. теңге – қаржылық бұзушылықтар;
- 71,6 млрд. теңге – тиімсіз жоспарлау;
- 4,4 млрд. теңге – тиімсіз пайдалану.

1-КЕСТЕ. Өңірлер бөлінісінде алдын ала анықталған бұзушылықтар

Атауы	Қаржылық бұзушылықтар, млн.теңге	Бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану сомасы	соның ішінде	
			тиімсіз жоспарлау, млн.теңге	тиімсіз пайдалану, млн.теңге
Қазақстан Республикасы	11 569,4	75 971,2	71 568,3	4 402,9
Ақмола	344,3	2,1	-	2,1
Ақтөбе	69,2	326,6	315,2	11,4
Алматы	658,8	40 743,9	39 713,7	1 030,2
ШҚО	5 990,8	3 481,4	840,9	2 640,5
Атырау	345,8	368,1	183,7	184,4
Жамбыл	5,4	4 062,1	4 034,0	28,1
БҚО	176,6	37,5	37,5	-
Қарағанды	720,2	-	-	-
Қостанай	-	-	-	-
Қызылорда	1 076,8	-	-	-
Маңғыстау	-	-	-	-
Павлодар	122,7	53,4	53,4	-
СҚО	298,0	250,0	250,0	-
Түркістан	800,7	-	-	-
Алматы қ.	50,7	26 139,9	26 139,9	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-
Шымкент қ.	909,3	506,2	-	506,2

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы <https://www.primeminister.kz/>
2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy?lang=kk>

## ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ – СРЕДСТВО ДЛЯ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ

*Воропаева А.Б.*

Студентка 3 курса, специальность «Государственный аудит»  
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан,  
Республика Казахстан

E-mail: [Ane4ka.voropaeva@list.ru](mailto:Ane4ka.voropaeva@list.ru)

Научный руководитель – **Бекболсынова А.С.**, старший преподаватель кафедры  
«Государственный аудит» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

**Аннотация.** Бұл мақалада мемлекеттік аудиттің қазіргі әлемдегі маңыздылығы мен маңызы талданады. Мемлекеттік аудит, өкінішке орай, біздің елімізде орын алатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте елге қалай көмектесетіні туралы тақырып ашылды. Мақалада мәні мен тақырыбын анықтау туралы да айтылады жиынтықтың орындалуын кейінгі бақылау нысандарының бірі ретінде аудиторлық бағыттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу бойынша алдын-алу шаралары ұйымдар. Осы зерттеудің нәтижелері үкіметке алаяқтық пен алаяқтықты анықтаудағы мемлекеттік аудиторлық органның рөлін күшейтуге әсерін көрсетті сыбайлас жемқорлықтың ашылуы.

**Тірек сөздер:** мемлекеттік аудит, сыбайлас жемқорлық, үкімет, бақылау, тиімділік аудиті

**Annotation.** This article analyzes the importance and significance of government audit in the modern world. The topic of how the State Audit helps the country to fight corruption, which, unfortunately, takes place in our country, is revealed. The article also discusses the definition of the essence and subject areas of audit as one of the forms of subsequent control over the implementation of a set of measures combating corruption and preventive actions to prevent it in organizations. The results of this study showed the implications for the government to strengthen the role of the State Audit Office in detecting fraud and exposure of corruption.

**Keywords:** state audit, corruption, government, control, performance audit

**Аннотация.** В данной статье проанализирована важность и значение государственного аудита в современном мире. Раскрыта тема того, как Государственный аудит помогает стране бороться с коррупцией, которая, к сожалению, имеет место быть в нашей стране. Также в статье рассматривается определение сущности и предметной области аудита как одной из форм последующего контроля реализации комплекса мер противодействия коррупции